

Жаңа 2024 жыл
құтты болсын!

С НОВЫМ
2024 годом!

Happy New
Year 2024



№12 (492)
29 желтоқсан
2023 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ZHUBANOV UNIVERSITY ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Ақтөбе өңіріне сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев университетімізде болып, тарихы бай, еліміздегі ірі әрі іргелі оқу орнының қызметімен танысты.

Президент тапсырмасына сәйкес әлемнің үздік 250 жоғары оқу орнына кіретін Хериот-Уатт университетімен маңызды келісімге қысқа уақытта қол жеткіздік. Оның әр кезеңіне өздеріңіз күе болдыңыздар. Бұл ұжымның табандылығы мен ауызбіршілігінің арқасында деп білемін.

Қазіргі таңда бірлескен жобада 300-ге жуық студент мемлекеттік грант негізінде, өңір экономикасының сұранысына сай электроэнергетика, компьютерлік инженерия, мұнай-газ және энергоменеджмент мамандықтары бойынша білім алып жатыр. Алдағы уақытта халықаралық серіктестерімізбен атқаратын ауқымды жоспарларымыз бар.

Бұл бастамасы ғана.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ HERIOT-WATT УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫН АРАЛАП КӨРДІ

Ақтөбе облысына жұмыс сапары аясында Президент жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты деп хабарлады aqorda_resmi. Білім ордасында еліміздің 9 өңірінен келген 300 студент оқып жатыр. Олардың 35 пайызы ауыл мектептерінің түлегі, ал 42 пайызы әлеуметтік жағдайы төмен санаттағы отбасылардың балалары.

Бұл филиал Мемлекет басшысының жоғары білім беру жүйесін қайта құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында ашылған.

Президентке берілген мәліметке сәйкес электр энергетикасы, мұнай инженериясы және энергетикалық менеджмент, компьютерлік инженерия мамандықтары бойынша кадр даярлау ісі ағылшын тілінде жүргізіледі.

Мемлекет басшысына студенттердің Heriot-Watt университетінің Малайзиядағы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі, Шотландиядағы филиалдарында білімін жалғастыру мүмкіндігі бар екені жөнінде мәлімет берілді. Филиал түлектері Heriot-Watt University мен Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің дипломдарын бірге алады.

Ғылыми жетістіктерге арналған көрмені аралау барысында Президентке жоғары оқу орны ғалымдарының жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы әзірлемелері таныстырылды.

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОСЕТИЛ ФИЛИАЛ HERIOT-WATT В АКТОБЕ

В рамках рабочей поездки в Актыубинскую область Президент ознакомился с образовательной и научно-исследовательской работой вуза, сообщает aqorda_resmi. В университете обучаются 300 студентов из 9 регионов страны. Из них 35 процентов являются выпускниками сельских школ, а 42 процента - детьми из малообеспеченных семей.

Данный филиал открыт на базе Актыубинского регионального университета имени Кудайбергена Жубанова в рамках ис-

полнения поручения Главы государства по реорганизации системы высшего образования.

Согласно данным, предоставленным президенту, подготовка кадров по специальностям электроэнергетика, нефтяная инженерия и энергетический менеджмент, компьютерная инженерия ведется на английском языке.

Главе государства проинформировали о возможности продолжения обучения студентов в филиалах университета Heriot-Watt в Малайзии, Объединенных Арабских Эмиратах, Шотландии. Выпускники филиала совместно получают дипломы Heriot-Watt University и Актыубинского регионального университета имени Кудайбергена Жубанова.

В ходе посещения выставки, посвященной научным достижениям, Президенту были презентованы разработки ученых вуза в области естественных, технических и гуманитарных наук.

KASSYM-JOMART TOKAYEV VISITED THE HERIOT-WATT BRANCH IN AKTOBE

As part of a working trip to the Aktoobe region, the President got acquainted with the educational and research work of the university, reports aqorda_resmi. The university has 300 students from 9 regions of the country. Of these, 35 percent are graduates of rural schools, and 42 percent are children from low-income families.

This branch was opened on the basis of the Aktoobe Regional University named after Kudaiberger Zhubanov as part of the execution of the order of the Head of State to reorganize the higher education system.

According to data provided to the president, training in the fields of electrical power engineering, petroleum engineering and energy management, and computer engineering is conducted in English.

The head of state was informed about the possibility of continuing students' education at branches of Heriot-Watt University in Malaysia, the United Arab Emirates, and Scotland. Graduates of the branch jointly receive diplomas from Heriot-Watt University and Aktoobe Regional University named after Kudaiberger Zhubanov.

During a visit to the exhibition dedicated to scientific achievements, the President was presented with the developments of university scientists in the field of natural, technical and human sciences.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

“ЖЫЛ ҮЗДІГІ” МАРАПАТЫ

Ақтөбенің «Жекпе-жек» спорт кешенінде «Алтын бесік — 2023» жылды қорытындылаған салтанатты іс-шарасы өтіп, онда облыс әкімі Асхат Шахаров Ақтөбе өңірінің дамуына елеулі үлес қосқан түрлі саланың мамандарын марапаттады. Мерекелік кеште Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасоваға өңірлік ЖОО еліміздегі жоғары білім беру жүйесін дамытудағы іргелі жұмыстары мен ғылыми жетістіктері, әсіресе, жаңашыл бағыттағы жұмысы үшін “Жыл үздігі” деп танылған марапаты табысталды. “Біздің университет Ақтөбе өңіріндегі білім, ғылым, инновация, мәдениет және өнер хабы. Өңір экономикасы сұранысына сай мамандар даярлайтын батыс өңіріндегі ең ірі оқу орны. 2023 жыл оқу ордамыз үшін жаңашылдықтар мен жетістіктерге толы болды.

Үздіктерінің қатарынан табылуда университет қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларымыздың еңбегі зор.

Бұл — командалық жұмыс нәтижесі”, — деді сүйінші хабарын жеткізген ректор.

Ал Асхат Шахаров құттықтау сөзінде облыстың жыл бойы қол жеткізген оң нәтижелері туралы баяндап, келер жылдан да күтер үміт көп екенін айтты.

«2023 жыл өңіріміз үшін табысты жыл болды. Барлық макроқорсеткіштер бойынша жағымды оң динамиканы сақтап қалдық. Өлеуметтік маңызы бар құрылыс нысандары салынды және шалғайдағы ауылдар газбен, ауызсумен қамтылды. Алдағы жылы бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр, облыстық бюджет қаражатын ең өзекті деген мәселелерге бағыттап отырмыз. Негізгі мақсат — өңіріміздің экономикалық даму жағдайын жақсарту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру», — деді облыс әкімі.

Қуанышты жағдай, осы кеште университет түлектері: жас ақын, жазушы Әлихан Жақсылық “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталып, қаратөден XIX Азия ойындарының жеңімпазы Нұрқанат Әжіқанов “Жыл адамы” атанды.

НАГРАДА «ЖЫЛ ҮЗДІГІ»

В Актобе в спортивном комплексе «Жекпе-жек» состоялось торжественное мероприятие «Алтын бесік — 2023», в ходе которого аким области Асхат Шахаров наградил специалистов различных сфер, внесших значительный вклад в развитие Актобинского региона. На праздничном вечере за фундаментальную работу, научные достижения в развитии системы высшего образования в стране и новаторскую работу регионального вуза Zhubanov University присуждена награда «Жыл үздігі», которую вручил ректору Лауре Карабасовой.

“Наш университет является хабом образования, науки, инноваций, культу-

ры и искусства в Актобинском регионе. Крупнейшее учебное заведение Западного Казахстана, готовящее квалифицированных специалистов. 2023 год был для нашего вуза насыщен на достижения. Мы в числе лучших благодаря труду сотрудников Университета, профессорско-преподавательского состава и наших обучающихся. Это результат командной работы”, — отметила ректор, поделившись доброй вестью.

В своем приветственном слове Асхат Шахаров доложил о положительных результатах, достигнутых областью в те-

specialists from various fields who made a significant contribution to the development of the Aktobe region. At the gala evening, the award “Excellent of the Year” was awarded to Rector Laura Karabasova for fundamental work, scientific achievements in the development of the higher education system in the country and the innovative work of the regional Zhubanov University.

“Our university is a hub of education, science, innovation, culture and art in the Aktobe region. The largest educational institution in West Kazakhstan, which trains qualified specialists. The year 2023 was full



ние года, и рассказал о поставленных высоких задачах на будущий год.

«2023 год стал успешным для нашего региона. Мы сохранили положительную динамику по всем макропоказателям. Построены социально значимые объекты, а отдаленные села обеспечены централизованным газом и питьевой водой. В следующем году нас ждет масштабная работа, мы направляем средства областного бюджета на самые актуальные вопросы. Основная цель — улучшение условий экономического развития региона и повышение благосостояния населения», — сказал аким области.

Радости в этот вечер добавили награды выпускников университета: молодой поэт, писатель Алихан Жаксылык удостоен медали «Ерен еңбегі үшін», а победитель XIX Азиатских игр по каратэ Нурқанат Ажіқанов стал «Человеком года».

THE AWARD “EXCELLENT OF THE YEAR”

A solemn event “Altyn Besik — 2023” was held in Aktobe at the Zhekpe-zhek sports complex, during which the governor of the region, Askhat Shakharov, awarded

of achievements for our university. We are among the best thanks to the work of the University staff, faculty and our students. This is the result of teamwork,” said the rector, sharing the good news.

In welcoming speech Askhat Shakharov reported on the positive results achieved by the region during the year and spoke about the lofty tasks set for the coming year.

“2023 was a successful year for our region. We have maintained positive dynamics in all macro indicators. Socially significant facilities have been built, and remote villages are provided with centralized gas and drinking water. Next year we will have a large-scale work, we are directing the funds of the regional budget to the most pressing issues. The main goal is to improve the conditions for the economic development of the region and increase the welfare of the population,” the governor of the region said.

The awards of university graduates added to the joy this evening: the young poet, writer Alikhan Zhaksylyk was awarded the “Yeren enbegi Ushin” medal, and the winner of the XIX Asian Karate Games Nurkanat Azhikanov became the “Man of the Year”.

✓ Best student

Аманжол Ханиев резюмесіндегі өзі туралы пікірінде 2020 жылы Ақтөбе қаласындағы №13 орта мектепті үздік аяқтап, Алтын белгі иегері атанғанын, адамдармен тез тіл табысатынын, бойында қалыптасқан сенімділік, мақсатқа жету білу, оптимизм, командамен жұмыс жасай алу, креативті ой-сана дағдыларын бағалайтынын баяндаған. Ол пікірсайыс ойынына қызыққан жастарға бағыт беретін ізгі көшбасшы да.

Zhubanov University "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығы бойынша бітіруші 4 курста оқитын Аманжол Ханиев 2023 жылда университет мерейін көтерген үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ол жетістіктердің бәрі оқудан бос уақытын тиімді ұйымдастыра алатын студенттің жаны сүйетін дебат ойындарына қатысты.

Сәуір айында Алматы қаласы, Нархоз университеті, Таңдаулы Экономистер Одағы жоғары пікірсайыс мектебі ұйымдастыруымен өткен «ТЭО CUP-XII» дәстүрлі республикалық пікірсайыс турнирінің, Beta лигасы бойынша 2 орын иегері атанды. Қазан айында Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің ұйымдастыруымен өткен республикалық пікірсайыс турнирінде 3 орын, қараша айында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институтының 15 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық гранд пікірсайыс турнирінде 2 орын, желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай студенттер мен магистранттар арасында өткізілген республикалық пікірсайыс турнирінде 2 орын алды. Өткен оқу жылы аяғында «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» Қазақ Ғылыми Кеңестің 2023 жылғы 18 мамырдағы шешімімен «Үздік студент» төсбелгісімен марапатталды. Республикалық деңгейде «Қаржылық сауаттылық» бағыты бойынша сертификатталған ментор. Ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Бұл жазылғандар Аманжолдың бір қыры ғана. Үздік пікірсайысшымен пікір алысқан журналист Гүлнара Қараша.



ПІКІРСАЙЫСПЕН ШҰҒЫЛДАНУ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМА ПАЙДАСЫН ТИГІЗЕТІНІНЕ СЕНІМДІМІН

— Аманжол, дебат сөзі французша екен [фр. *debats* — талқылау], яғни қандай да бір жиылыста, мәжілісте пікірталасу, жарыс-сөз, айтыс деген мағынада. Бұл ойынның түпкі тарихы қай елден басталған?

— Дебат, яғни пікірсайыстың тарихы өте тереңде. Ең алғаш пікірсайыстың құрылымы, ойындары ежелгі Грекияда өте бастады. Пікірсайыста біз пікірсайшылар бірнеше форматтар бойынша пікірталас ойындарын жүргіземіз. Мысалы АГФ немесе Американдық парламенттік формат. Аты айтып тұрғандай ең алғаш, 20 ғасырдың 30-ыншы жылдары АҚШ-та өте бастады, БГФ форматы — Британдық парламенттік формат тарихы Ұлыбритания елінен басталған болса, ЛД деген форматы бар немесе Линкольн-Дуглас дебат форматы — атақты Авраам Линкольн мен Стивен Дугластың арасында болған дебаттың құрметіне аталған екі адамдық дебат форматы. Негізгі пікірсайыс шынайы өмірден алынған, қоғамның негізгі қозғаушы күші бола алатын құрал.

— Дебат ойыны неге ұнайды?

— Пікірсайыс ойындары маған не үшін ұнайды? Бұл сұраққа жауап беру үшін шынымен ұзақ ойлану керек секілді, себебі мен осы қара шаңырақ — білім ордамызға 1 курс студенті болып түскен сәтте, менің пікірсайысқа келген мотивтерім мен миссиям басқаша еді, ал қазір мүлдем басқаша. Ең алғаш келген сәтте мен үшін университет қабырғасында оқу ақысына жеңілдік алу, кубоктар мен дипломдардан коллекция жинау, Қазақстанның түкпір-түкпіріне саяхат жасау маңызды болған болса, қазір мен осы пікірсайыс арқылы қоғамның дамуына өзімнің кішкентай болсын үлесімді қосқым келеді, нақтырақ айтсам қоғамдағы көптеген мәселелердің дұрыс шешілуіне ықпал жасағым келеді (зорлық-зомбылық, лудомания және т.б.).

Пікірсайыс бұл саяси, интеллектуалды ойын болғандықтан, мен осы құралды пайдалана отырып, еліміздің, қоғамның дамуына осылай, осы форматта өз үлесімді қосқым келеді. Бұл ойын арқылы осы уақытқа дейін де көп мәселе-

лердің шешімі табылған болатын, қажет уақытында әлемдік көшбасшылар, еліміздегі партиялардың өкілдері де халық алдында өз кейстерін қорғап, көрсетіп жүр. Осы тұста пікірсайысшылардың үніне қоғамның 100 пайыз болмаса да белгілі бір деңгейде құлақ асатынын байқай аламыз. Сонымен қатар пікірсайыс — ол шетте қалған қарапайым, момын, үндемейтін қара баладан қара тасты қақ жарар нағыз ораторды, жаһанданудың жағасына жармасқан жалынды жасты қалыптастырып бере алатын интеллектуалды ойын. Бұл ойын арқылы кез-келген адам өз бойында ораторлық шеберлікті, сыни ойлау және коммуникация сынды көптеген қасиеттерді қалыптастыра, әрі қарай дамыта алады. Маған осындай қасиеттері немесе мүмкіндіктері үшін ұнайды.

— Дебат жарыстарына демеушілік жасайтын меценаттар көп. Жүлделері де қомақты. Дебатер жақсы ойнаса біраз табыс табатын да сияқты...

— Иә, пікірсайыста ұтымды идея мен озық ойларды сарапқа салып, үздік болатын болсаңыз

жеңімпаздардың қатарынан табылып, кубок пен дипломнан бөлек, ақшалай немесе арнайы материалдық сыйлықтарға да ие болуға болады. Мен Қазақстанның түкпір-түкпіріне республикалық пікірсайыс турнирлеріне қатысып, барлық жерде үздіктердің үздігі болатын пікірсайысшыларға арнайы ақшалай сыйлықтардың болатынына көзім жетті. Былайша айтқанда сіз 2 күн бойы өзіңіздің үздік идеяларыңызды, ойыныңызды ортаға салып, дәлелдей алсаңыз, 300, 500, тіпті 1 млн теңгелік ақшалай сыйлықтарға ие бола аласыз. Қазақстанның пікірсайысының тарихында ең керемет жұлде қоры 1-ші орынға 1 бөлмелі үй тігілген турнир болатын.

Ал меценаттарға келетін болсақ, ашығын айтқанда пікірсайыс ойындарына демеушілік етемін дейтін адамдар өкінішке қарай өте аз. Мен осы уақытқа дейін университет жанынан құрылған "Заман біздікі" Интеллектуалды Элиталар Одағының президенті болып қызмет атқарған кезімде өткізген Республикалық пікірсайыс турнирлерімнің де, мен өзім барып қатысқан республика-

лық турнирлерінің де негізгі де-
меушісі университет. Осы үшін де
жастардың дамуына үлкен мүмкін-
дік беріп отырған университет бас-
шылығына бітіруші түлек-студент
ретінде басымды иіп алғыс айта-
мын. Әсіресе Әлеуметтік мәселе-
лер және жастар саясаты департа-
менті бас мамандары, Айгүл Қож-
бан апайым мен Арай Бисенова
апайыма ерекше рақмет, ең алғаш
бастаған сәттен ерекше қолдау біл-
дірді.

— **Үздік спикер ретінде дебат-
тың қай түрлерінде ойнауды ұна-
тасыз?**

— Маған АПФ форматы көбірек
ұнайды. Себебі дәл осы формат
саяси құндылықтарға негізделген.
Жоғарыда атап өткендей қоғам-
дағы көптеген мәселелердің нақты
шешімін, механизмін осы формат-
та толық қамтуға мүмкіндік бар. Со-
нымен қатар болашақ мемлекеттік
қызметкер ретінде бойыма қажет
болып табылатын барлық қасиет-
терді осы формат негізінде қалып-
тастыра алдым.

— **Қандай тақырыптар кө-
теріп жүрсіздер?**

— Пікірсайыста нақты негіз-
деліп, бекітілген тақырыптар жоқ.
Қазіргі уақытта қандай проблема-
лар актуалды болып жатса, сол
тақырыптар төңірегінде пікір сай-
ыс ойындары жүреді. Мысалы жел-
тоқсан айының 9-10 күндері өткіз-
ген республикалық пікірсайыс тур-
ниріміздің талқыланған негізгі тақы-
рыптары лудомания, қаржылық
пирамида, қаржылық сауаттылық
төңірегінде өткен болатын. Міне
осы үшін де пікірсайыс қоғамның
негізгі қозғаушы күштерінің бірі.

Пікірсайыспен шұғылдану бо-
лашақ мамандығыма пайдасын
тигізетініне сенімдімін. Мен қазір-
гі таңда Экономика және құқық
факультетінің "Мемлекеттік және
жергілікті басқару" мамандығының
4 курс студентімін, университет-

ті бітіргесін мемлекеттік қызметте
жұмыс жасап, елімнің игілігі үшін
қызмет атқарамын. Ал пікірсайыс
менің болашақ мамандығыма қан-
дай пайдасын тигізеді? Пікір-
сайыс ойындары арқылы менің
бойымда сыни ойлау — бір ситуа-
цияға жан-жақты қарап, шешім
шығару, ораторлық шеберлік —
халық алдында өзінді еркін ұстау,
ойынды ашық, анық әрі нақты
жеткізу, коммуникациялық дағды-
лар — халықпен байланыс орната
білу, қоғамдағы әртүрлі адамдарға
әртүрлі тәсіл арқылы өз ойымды
жеткізе білу, қарым-қатынас орна-
та білу секілді көптеген хард және
софт дағдыларды қалыптастыра
алдым және бұл өз кезегінде ора-
сан зор пайдасын тигізетініне се-
немім.

— **Жаңа жылға жоспарла-
рыңыз?**

— Әрбір жаңа жылға мен
жоспар құрғанды ұнатамын, дағ-
дыланып алдым десем де бола-
ды. Осы тұста әрдайым өзіммен
алып жүретін блокнотымды ашып
қарасам, 2022 жылдың 31 желтоқ-
сан күні — "2023 жылы 3 респу-
бликалық пікірсайыс турнирінің
финалында өнер көрсетемін" деппін
және осы жылы 3 республикалық
турнирде финалда өнер көрсетіп,
жеңімпаз атаныппын, қызықпа?

Сол секілді 2024 жылға мін-
детті түрде жоспар құрамын. Қан-
дай жоспарлар екенін ашық айт-
қым келмейді, бірақ мен Басқарма
Төрағасы — Ректорымыз Қараба-
сова Лаура Чапайқызына берген
уәдем бар еді: "4 курсты бітірген
уақытқа дейін 1 республикалық тур-
нирдің 1-ші орын иегері атанып, уни-
верситетімізге 1 кубок әкелетін бо-
ламын" деген. 2024 жылғы ең бас-
ты мақсаттарымның бірі десем де
болады, ал қалған жоспарларымды
уақыт өте келе қол жеткізіп, сіздерге
көрсететін боламын.

Main news

ҮШ ОҚЫТУШЫ — ҮЗДІК

Жыл аяғында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы — 2023»
байқауының жеңімпаздарының есімдері аталды. Zhubanov University
үш оқытушысы, «Математика» кафедрасының доценті, физика-мате-
матика ғылымдарының кандидаты Асқарбек Иманчиев, «Математи-
ка» кафедрасының аға оқытушысы, оқытушы-зерттеуші, Ph.D. Захи-
ра Нугаева және «Қазақ әдебиеті» кафедрасының доценті, Ph.D. Ай-
нұр Кушкимбаева 150 конкурс жеңімпаздары қатарында.

ЖОО оқытушыларының беделін арттыру және кәсіби дамуға ын-
таландыру мақсатында жыл сайын өтетін конкурс жеңімпаздарына
2000 АЕК көлемінде сыйақы және «Жоғары оқу орнының үздік оқы-
тушысы» төсбелгісі беріледі. Конкурс барысы ҚР ҰЖБМ ақпараттық
жүйесі базасында ашық түрде жүргізіледі, ол арқылы қатысушылар
барлық кезеңдердің ашықтығын байқай алады.

Конкурсқа биыл еліміздің 80 жоғары оқу орнынан барлығы 768
үміткер қатысыпты.

ТРИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ НАЗВАНЫ ЛУЧШИМИ

В конце года были объявлены имена победителей конкурса
«Лучший преподаватель ВУЗа-2023». Три преподавателя Zhubanov



University входит в число 150 номинантов данного конкурса. Это
доцент кафедры «Математика», кандидат физико-математических
наук Асқарбек Иманчиев, старший преподаватель кафедры «Мате-
матика», преподаватель-исследователь, Ph.D. Захира Нугаева и до-
цент кафедры «Казакская литература», Ph.D. Айнур Кушкимбаева.

В целях повышения престижа преподавателей ВУЗов и стимули-
рования их профессионального развития, ежегодного победители
конкурса награждаются премией в размере 2000 МРП и нагрудным
знаком «Лучший преподаватель ВУЗа». Конкурс проходил на базе
информационной системы МНВО РК, посредством которой участни-
ки могли наблюдать за прозрачностью всех этапов.

Всего в конкурсе участвовали 768 претендентов из 80 высших
учебных заведений страны.

THREE LECTURERS NAMED THE BEST

At the end of the year, the names of the winners of the contest "Best
lecturers 2023" were announced. Three lecturers from Zhubanov Univer-
sity are among the 150 nominees for this competition. These are Associ-
ate Professor of the Department of Mathematics, Candidate of Physical
and Mathematical Sciences Askarbek Imanchiev, Senior Lecturer of the
Department of Mathematics, teacher-researcher, Ph.D. Zahira Nugay-
eva and associate professor of the department of "Kazakh literature",
Ph.D. Ainur Kushkimbaeva.

The contest is held in order to increase the prestige of university
teachers and stimulate their professional development. Each of winners
will receive a bonus of 2000 MCI. In addition to monetary rewards, the
winners of the "Best University Lecturer" contest will receive a badge. It
should be noted that the contest was held on the basis of the information
system of MSHE, through which participants could observe the transpar-
ency of all stages.

In total, 768 applicants from 80 higher educational institutions of the
country participated in the contest.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

"БОЛАШАҚ" СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ИЕГЕРЛЕРІ

Жыл аяғында "Болашақ" стипендиясы иегерлерінің төртінші легінің тізімі жарияланды.

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссияның шешімімен 167 қазақстандық «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанды. Оның ішінде 131 адам магистратурада, 4 адам докторантурада оқып, 32 қазақстандық әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен өндірістік орталықтарында тағылымдамадан өтетін болады.

Төртінші лек жеңімпаздарының басым көпшілігі инженерлік-техникалық бейін бағыттарын таңдаған. Оқыту 66 мамандық бойынша жүргізіледі.

«Өділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында Мемлекет басшысы ғылыми ынтымақтастықты кеңейту және агроөнеркәсіптік кешен, геологиялық барлау, IT-сектор, креативті индустрия және т.б. үшін кадрлар даярлау жөнінде тапсырмалар берді. Бұл бағыттар сұранысқа ие және өзекті, біз үміткерлер санын көбейту, шәкіртақы алу және осы бағыттар бойынша мамандарды дайындайтын ЖОО іздеу жұмыстарын жүргіздік», — деді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басқарма төрайымы Әлия Оспанова.

Үміткерлер University of Aberdeen, University of Illinois at Urbana-Champaign, Australian National University, University of Oxford сияқты әлемдік рейтингтер қатарына кіретін жоғары оқу орындарына түсті. «Ақпараттық технологиялар және жүйелер», «Үлкен деректерді талдау», «Құрылыс инженериясы» және «Геология. Тау-кен ісі. Геодезия» сияқты мамандықтар үміткерлердің үлкен қызығушылығын тудырғаны байқалады.

Сондай-ақ, шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссияның шешімімен 481 қазақстандық әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өту үшін грант иегері атанды. Стипендиаттар 9 бағыт: инженерлік ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары, гуманитарлық сала, агроөнеркәсіптік кешен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, әлеуметтік ғылымдар, білім, медицина, өнер саласы бойынша зерттеулер жүргізеді.

"Бүгін жақсы жаңалық жетті! Университетіміздің тағы 5 оқытушысының «Болашақ» стипендиясын жеңіп алғаны белгілі болды: Баян Алматова мен Зухра Аймағанбетова — University of Leeds (Ұлыбритания), Ерлан Жұмағалиев — University of Reading (Ұлыбритания), Гүлжан Алғартова — South-Western University «Neofit Rilsky» (Болгария), Гүлнұр Адманова — Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей).

Осындай нәтижеге жету үшін университет бар күш-жігерін салғанын атап өткім келеді. Екі жыл бойы оқытушылар құрамын ағылшын тілінде оқыттық. 200-ге жуық оқытушылар мен қызметкерлер тіл курстарынан өтіп, шет тілін меңгеру деңгейін айтарлықтай жақсартты. Жаңа білім алуға және кәсіби құзыреттілігін арттыруға ұмтылған әріптестерге университет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілді. Әріптестеріміздің үйлесімді жұмысының арқасында быыл 36 қызметкеріміз докторантураға түсіп, 18 оқытушымыз «Бола-

шақ» бағдарламасының стипендиаты атанды" — деп жазды Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова сүйінші жаңалығымен бөлісіп.

НОВЫЕ ОБЛАДАТЕЛИ СТИПЕНДИИ «БОЛАШАК»

В конце года был опубликован список четвертого потока обладателей стипендии «Болашақ».

Решением Республиканской комиссии по подготовке кадров за рубежом 167 казахстанцев стали обладателями международной стипендии «Болашақ». Из них 131 человек будет обучаться в магистратуре, 4 - в докторантуре, 32 казахстанца пройдут стажировки в ведущих вузах и производственных центрах мира.

Подвляющее большинство победителей четвертого потока выбрали направления инженерно-технического профиля. Обучение ведется по 66 специальностям.

«В Послании «Экономический курс Справедливого Казахстана» глава государства дал поручения по расширению научного сотрудничества и подготовке кадров для агропромышленного комплекса, геологоразведки, IT-сектора, креативной индустрии и др. Эти направления востребованы и актуальны, мы провели работу по увеличению количества претендентов, получению стипендий и поиску вузов для подготовки специалистов по этим направлениям», — сказала председатель правления АО «Центр международных программ» Алия Оспанова.

Петенденты поступили в такие вузы, как University of Aberdeen, University of Illinois at Urbana-Champaign, Australian National University, University of Oxford, которые входят в число мировых рейтингов. Большим интересом у претендентов пользуются такие специальности, как «Информационные технологии и системы», «Анализ больших данных», «Строительная инженерия» и «Геология. Горное дело. Геодезия».

Также решением Республиканской комиссии по подготовке кадров за рубежом 481 казахстанец стал обладателем гранта для прохождения научной стажировки в ведущих научных центрах мира. Стипендиаты проводят исследования по 9 направлениям: инженерные науки, естественные науки, гуманитарная сфера, агропромышленный комплекс, информационно-коммуникационные технологии, социальные науки, образование, медицина, искусство.

«Сегодня мы получили хорошие новости! Стало известно, что еще 5 преподавателей нашего университета выиграли стипендию «Болашақ»: Баян Алматова и Зухра Аймағанбетова поедут в University of Leeds (Великобритания), Ерлан Жумағалиев — University of Reading (Великобритания), Гүлжан Алғартова — South-Western University «Neofit Rilsky» (Болгария), Гүлнұр Адманова — Московский государственный университет (Россия).

Хочу отметить, что университет приложил все усилия для достижения такого результата. Два года подряд обучали преподавательский состав английскому языку. Около 200 преподавателей и сотрудников прошли языковые курсы и значительно улучшили уровень владения иностранным языком. Коллегам, стремящимся к получению новых знаний и повышению профессиональной компетентности, была оказана всесторонняя поддержка со стороны университета. Благодаря слаженной работе наших коллег в этом году 36

наших сотрудников поступили в докторантуру, 18 наших преподавателей стали стипендиатами программы «Болашақ», — поделилась новостью ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

NEW HOLDERS OF THE BOLASHAK SCHOLARSHIP

At the end of the year, a list of the fourth stream of Bolashak scholarship holders was published.

By the decision of the Republican Commission for Training Personnel Abroad, 167 Kazakhstanis became holders of the Bolashak international scholarship. Of these, 131 people will study for a master's degree, 4 for a doctoral degree, 32 Kazakhstanis will undergo internships at leading universities and production centers around the world.

The vast majority of the winners of the fourth stream chose the areas of engineering and technical profile. Training is conducted in 66 specialties.

"In the Address "The Economic Course of a Fair Kazakhstan", the head of state gave instructions on expanding scientific cooperation and training personnel for the agro-industrial complex, geological exploration, IT sector, creative industry, etc. These areas are in demand and relevant, we have worked to increase the number of applicants, receive scholarships and search for universities to train specialists in these areas," said Aliya Ospanova, Chairman of the Board of the Center for International Programs JSC.

Applicants entered universities such as the University of Aberdeen, University of Illinois at Urbana-Champaign, Australian National University, University of Oxford, which are among the world rankings. Such specialties as "Information Technologies and Systems", "Big Data Analysis", "Construction Engineering" and "Geology. Mining. Geodesy" are of great interest to applicants.

Also, by the decision of the Republican Commission for Training Personnel Abroad, 481 Kazakhstanis became the holder of a grant for scientific internship in leading scientific centers of the world. The fellows conduct research in 9 areas: engineering sciences, natural sciences, humanities, agro-industrial complex, information and communication technologies, social sciences, education, medicine, art.

"We got good news today! It became known that 5 more teachers of our university won the Bolashak scholarship: Bayan Almatova and Zukhra Aimagambetova will go to the University of Leeds (Great Britain), Yerlan Zhumagaliev — University of Reading (Great Britain), Gulzhan Algartova — South-Western University "Neofit Rilsky" (Bulgaria), Gulnur Admanova — Moscow State University (Russia).

I would like to note that the university has made every effort to achieve such a result. We have been teaching English to the teaching staff for two years in a row. About 200 teachers and staff have completed language courses and significantly improved their foreign language proficiency. The university provided comprehensive support to colleagues seeking to gain new knowledge and improve their professional competence. Thanks to the well-coordinated work of our colleagues, 36 of our employees enrolled in doctoral studies this year, 18 of our teachers became fellows of the Bolashak program," Rector of Zhubanov University Laura Karabasova shared the news.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



«STUDLIFE» ЖОБАСЫНЫҢ МӘРЕСІ

Жыл соңында Zhubanov University «StudLife» жобасы 4-маусымының қорытындысына арналған кеш өтті. Оған университет ректоры Лаура Қарабасова қатысты.

«Студенттеріміздің шығармашылық қырлары, жан-жақтылығы мен тапқырлығы, сыни ойлау қабілеті шыңдалған бұл жобаның 4-маусымы қызықты сәттер мен естеліктерге толы болды.

Бүгінгі қорытынды концерттегі эмоцияларды сөзбен жеткізу мүмкін емес!

Факультеті үшін барын салған, жанкүйер болған 1 курс студенттерін көріп, өте қатты қуандым.

«StudLife» — достықтың мекені, жалын-даған жастардың ортасы.

Жүлделі орындарға, номинацияларға ие болған факультеттерді марапаттарымен құттықтаймын!», — деді ректор әсерін жеткізіп.

Маусымның жабылуында «Ең креативті факультет» номинациясымен Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті, «Ең шығармашыл факультет» номинациясымен Тарих факультеті, «Ең бауырмал факультет» номинациясымен Экономика және құқық факультеті, «Ең интеллектуалды факультет» номинациясымен Физика-математика факультеті, «Ең тәртіпті факультет» номинациясымен Филология факультеті, «Ең ерекше факультет» номинациясымен Шетел тілдері факультеті марапатталып, жеңімпаздарға арнайы диплом және 20 000 теңгелік сертификат табысталды.

«Ең үздік сенатор» номинациясын Жаратылыстану факультетінің сенаторы Құрманбек Бауенов жеңіп алды. «Ең үздік жанкүйер» номинациясының жүлдесі Шетел тілдері факультетіне берілді.

«StudLife» жобасының бас жүлдесі «Ең үздік факультет» номинациясы бойынша Кәсіби-шығармашылық факультеті танылып, арнайы диплом және 100 000 теңгелік сертификатпен наградталды.

Жоба барысында түрлі форматта қайырымдылық акциясы өтіп, одан жиналған 1 882 615 теңге кеш барысында мұқтаж жандарға үлестірілді. 500 000 теңгесі әлеуметтік жағдайы төмен 5 студенттің оқу ақысына тең бөлінді.

ИТОГИ ПРОЕКТА «STUDLIFE»

В конце года в Zhubanov University прошел вечер, посвященный итогам 4 сезона проекта «StudLife». В нем приняла участие ректор университета Лаура Карабасова.

«4-й сезон этого проекта, в котором отмечены творческие грани, разносторонность и изобретательность наших студентов, критическое мышление, был наполнен интересными моментами и воспоминаниями. Эмоции на сегодняшнем заключительном концерте невозможно передать словами! Я очень рада видеть здесь студентов 1 курса, которые сделали все возможное для своего факультета, болели за победу. "StudLife" - территория дружбы, среда активного молодежи. Поздравляю с награждением факультеты, занявшие призовые места и номинации!», — сказала ректор.

На закрытии сезона номинацию «Самый креативный факультет» присудили Факультет педагогики и менеджмента в образовании, номинацию «Самый творческий факультет» выиграл Исторический факультет, номинацию «Самый дружный факультет» - Факультет экономики и права, номинацию «Самый интеллектуальный факультет» - Физико-математический факультет, в номинации «Самый дисциплинированный факультет» победил Филологический факультет, в номинации «Самый особенный факультет» был награжден Факультет иностранных языков. Победителям был вручен специальный диплом и сертификат на 20 000 тенге.

В номинации «Лучший сенатор» победил сенатор Факультета естественных наук Курманбек Бауенов. Приз в номина-

ции «Лучший болельщик» присужден Факультету иностранных языков.

Обладателем Гран-При проекта «StudLife» в номинации «Лучший факультет» был признан Профессионально-творческий факультет, награжден специальным дипломом и сертификатом на 100 000 тенге.

В рамках проекта была проведена благотворительная акция в различных форматах. Собранные на них 1 882 615 тенге были распределены нуждающимся в ходе вечера. Также 500 000 тенге были поровну поделены на оплату обучения 5 студентов из малообеспеченных семей.

THE FINISH OF THE «STUDLIFE» PROJECT

At the end of the year, Zhubanov University hosted an evening dedicated to the results of the 4th season of the «StudLife» project. The rector of the University, Laura Karabasova, took part in it.

«The 4th season of this project, which honed the creative facets, versatility and ingenuity of our students, critical thinking, was filled with interesting moments and memories. The emotions at today's final concert cannot be expressed in words! I am very glad to see the 1st year students here, who did their best for their faculty, rooting for the victory. «StudLife» is a territory of friendship, an environment of active youth. Congratulations on awarding the faculties that won prizes and nominations», - said the rector.

At the end of the season, the nomination «The most creative Faculty» was awarded to the Faculty of Pedagogy and Management in Education, the nomination «The most creative Faculty» was won by the Faculty of History, the nomination «The most friendly Faculty» - the Faculty of Economics and Law, the nomination «The most intellectual Faculty» - the Faculty of Physics and Mathematics, the nomination «The most disciplined Faculty» was won by the Philological Faculty faculty, the Faculty of Foreign Languages was awarded in the nomination «The most special Faculty». The winners were awarded a special diploma and a certificate for 20,000 tenge.

Senator of the Faculty of Natural Sciences Kurmanbek Bauenov won the nomination «Best Senator». The prize in the nomination «Best Fan» was awarded to the Faculty of Foreign Languages.

The winner of the Grand Prix of the «StudLife» project in the nomination «Best Faculty» was recognized as a Professional and creative faculty, awarded a special diploma and a certificate for 100,000 tenge.

Within the framework of the project, a charity event was held in various formats. The 1,882,615 tenge collected on them were distributed to those in need during the evening. Also, 500,000 tenge was equally divided to pay for the education of 5 students from low-income families.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

 **Faculties**
Special pages
Арнайы беттер


ЖАҢАРТЫЛҒАН ФАКУЛЬТЕТТІҢ



Жаһандану заманында тіл білу басты шарттың бірі. Шет тілдерін жетік меңгеру карьералық өсу мен өмірлік жетістіктерге бастайтын шамшырақ десе де болады. Сондықтан болар жастардың шетел тілдерін оқып, маман болуға деген қызығушылығы уақыт сайын артуда. 2023-2024 оқу жылында Zhubanov University филология факультеті құрылымына қосылғанына біраз жыл өткен шетел тілдері факультеті жеке факультет болып, қайта құрылды. Деканы болып Ph.D., қауымдастырылған профессор Керимбаева Ботагөз Талгатовна тағайындалды.

Ботагөз Керимбаева үшін 2023 жыл үлкен мүмкіндіктер жылы болғаны белгілі. Ол өткен жазда Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Америка Құрама Штаты, The George Washington University, Institute for European, Russian, and Eurasian Studies, Elliott School of International Affairs-дегі 1 жылдық ғылыми тағылымдамасын сәтті аяқтап, елге оралды.

Декандық қызметімен қатар қазір ҚР БҒМ Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсында жеңіп алған «Болашақ мұғалімнің желілік коммуникативті мәдениеті — жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың кілті» ғылыми жобасына жетекшілік жасауда.

70-тен астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде: 2 монографияның, 3 авторлық куәлігінің, 3 оқу құралының, Scopus деректер базасындағы басылымдардағы 7 мақаланың, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым комитетінің тізіміне енгізілген журналдардағы 36 мақаланың авторы. Қазақстан, РИНЦ басылымдарында 5 мақала, шетелдік және отандық конференция материалдары жинағында 20 мақаласы басылған. h-индекс-4.

Ботагөз Керимбаевамен жыл аяғында жүздесіп, жаңартылған факультеттің жаңа қадамдары жайлы әңгімелестік.

Интервью авторы Гүлнара Дауылбайқызы.

Ботагөз KERIMBAEVA:

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ЖЕТІК МЕНГЕРУ БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНА ЖОЛ АШАДЫ

— Happy New Year, Ботагөз Талгатовна, Жаңа жыл мерекесі сіз үшін маңызды ма? Қалай қарсы аласыз? Қандай жылы естеліктеріңіз бар?

— Саламатсыздар ма! Келіп жеткен 2024 Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен толағай табыстар мол болсын! Жаңа жыл әрбір адам үшін маңызды деп санаймын. Жаңа жыл жаңа бастауларға, жаңа идеялар мен жетістіктерге жетелейді. Сонымен қатар жаңа жыл өткен кезеңдерге есеп беріп, қандай кемшіліктер болды, қандай табыстарға жеттік, алда қандай стратегиялық жоспарлар жасау қажет екендігін және осы жоспарлардан үлкен үміт күттіретін кезең десек те болады. 2023 жыл біздің факультет үшін жақсы жыл болды. Көптеген табыстарға жеттік. Айта кететін болсақ, оқытушыларымыз «Болашақ» бағдарламасы аясында стипендия иегерлері атанды, профессор-оқытушылар құрамы ғылыми жобалармен айналысып жатыр, Торонто университетінен (Канада) 1 айға дәріс оқуға профессор Стефан Арнольд Бари (Stephen Bahry) және Маршалл университетінен (АҚШ) English Language Fellow Кей Брэдли (Kae Bradley) бір жылға тәжірибе алмасуға келді, студенттеріміз алдыңғы қатарлы ғылыми және қоғамдық іс-шараларға қатысып, университетішілік «Studlife 4» жобасында «Ең үздік жанкүйер» және «Ең ерекше факультет» номинацияларын иеленді, факультет мәртебесін көтеру мақсатында факультетаралық түрлі интеллектуалды ойындарға қатысып, 1-орындарды иеленді.

— Шетел тілдері факультеті биыл қайта құрылды. Демек бұл өңірде тіл мамандарына сұраныстың жоғарылағанын білдіре ме?

— 2023-2024 оқу жылынан бастап Шетел тілдері факультеті қайта құрылды. Оның бірінші себебі білім алушылар санының кө-

беюі, биылғы жылы 493 студент бірінші курсқа қабылданды, бұл жоғары көрсеткіш. Жалпы білім алушылардың саны 1516. Бір ғана айтатын мысал, Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының өзінде 2023-2024 оқу жылында 10 топ құрылды. Факультет бойынша жалпы білім беру бағдарламаларының саны — 8, оның ішінде 4 білім беру бағдарламасы бакалавриат, 3 білім беру бағдарламасы магистратура және 1 білім беру бағдарламасы докторантура бойынша. Барлық білім беру бағдарламалары аккредиттеуден өткен, демек сапаның жоғарылығын көрсетеді.

Екінші себебі, өңірде шетел тілі мамандарына сұраныстың өте жоғары болуына орай университеттің шетел тілдерін меңгерген мамандарды даярлауға баса назар аударуына байланысты.

Батыс өңірі мұнай өндіру жағынан алдыңғы қатардағы аймақ болғандықтан бірнеше тілді меңгерген мамандар еңбек нарығында сұранысқа ие. Бітіруші студент бірнеше тілді меңгеріп шығады: ағылшын, қытай, неміс тілдерін. Бітіруші студент жалпы білім беретін және орта кәсіптік білім беретін ұйымдарда, аударма орталықтарында, ірі компанияларда, ғылыми-зерттеу институттарында, телеарналарда, баспа-ларда жұмысқа орналаса алады.

— Жалпы алғанда шетел тілдері факультетінің профессор-оқытушылар құрамы ішінде өте тәжірибелі мамандар көп. Олардың біршамасы егде жаста. Кейбірі зейнеттік демалысқа кетті. Олар базалық білім беру технологиясын кейінгі буынға үйрете ме? Әлде тәжірибе алмасу ескі уақыт үлесінде қалды ма? Мүмкін керісінше көп жылғы тәжірибесі бар оқытушылар жас оқытушылардың оқыту технологиясына қызыға ма?

— Әрине біздің факультетте тәжірибелі мамандар өте көп. Оқытушылық қызметті атқару ба-

ЖАҢА ҚАДАМДАРЫ

рысында біз міндетті түрде біліктілігімізді арттырып жүреміз. Факультет бойынша барлық профессор-оқытушылар құрамы біліктілік курстарынан өткен.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша 6 оқытушы тағылымдаманың жеңімпаздары, мысалы, өзім АҚШ-да 1 жылдық тағылымдаманы бітіріп келдім, 2 оқытушы Мухтарова С.С., Жумагул Д.К., АҚШ-да тағылымдамадан өтіп жатыр, Сулейменова З.Е., Садыкова С.А., Махсұтова А.Д. АҚШ-да тағылымдамадан өтеді және 1 оқытушы Аекенова Р.М. магистратура бойынша «Болашақ» бағдарламасын бітірді.

Зейнеттік демалыстағы оқытушыларды біз жиі шақырып тұрамыз, себебі тарихи сабақтастық негізінде үлкендеріміз жас буынға тек оқу жетістіктері мен ерекшеліктерін емес, сонымен қатар тәрбие, ақыл-кеңес береді.

Тәжірибе алмасу бойынша тек отандық емес, шет елден профессорларды шақыртамыз, университет ол жағынан үлкен мүмкіндіктерін ұсынады. Биылғы жылы біздің факультетке Торонто университетінен (Канада) 1 айға дәріс оқуға профессор Стефан Арнольд Бари (Stephen Bahry) және English Language Fellow Кей Брэдли 1 жылға тәжірибе алмасуға келді, сонымен қатар, онлайн режимінде Токат университетінен (Түркия) профессор Уғур Ада дәріс береді.

Факультет оқытушылары өңірдегі мектептерге барып, өздерінің

тәжірибелерімен бөліседі. Мысалы, 2023 жылдың 5 қарашасында М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған лицей-интернатында ағылшын және неміс тілдері кафедрасының оқытушысы Бауыржан Н.Б. ұйымдастыруымен мектептердің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған «Ағылшын тілін оқытудағы коучинг технологиялары» атты семинар-практикум өткізді. Семинардың спикерлері арасында жас мамандар мен тәжірибелі Ph.D. докторлары болды, соның ішінде Байтуғанова А.А. (магистр) «Коммуникативтік тәсіл әдісі арқылы мектептерде ағылшын тілін оқыту», Мұхтарова С.С. (Ph.D.) «Оқытуды жақсарту үшін E-Learning платформаларын пайдалану», Кузембаева Г.А. (Ph.D.) «Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету» атты тақырыптарда семинарлар өткізді. Ағылшын тілінің маманы Кей Брэдли мен Баядилова-Алтыбаева А.Б. әртүрлі жастағы оқушыларға қолдануға болатын әдістерді суреттеп, тәжірибе жүзінде көрсетті.

Қараша айында Ағылшын және неміс тілдері кафедрасының филиалы №4 Хромтау орта мектебінде "Үздік мектеп — инновациялық алаңы" атты аудандық Ашық есік күні ұйымдастырылып, кафедра оқытушылары Кей Брэдли, Баядилова-Алтыбаева Айнура Бақтығалиевна, Бауыржан Нұрханым Бауыржанқызы қонақ есебінде шақыртылып, тәжірибелік тренинг-семинар өткізді.

Кафедра филиалымен әдістемелік семинар барысында Хромтау ауданы бойынша ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған воркшоптар, ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Ағылшын тілі маманы Мисс Кей Брэдли өткізген "Five senses" тақырыбындағы воркшоп өтті.

Желтоқсан айында Кей Брэдли, Баядилова-Алтыбаева Айнура Бақтығалиевна, Бауыржан Нұрханым Бауыржанқызы М.Әлімбаев атындағы №25 орта мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне арнайы әзірленген біліктілікті арттыру семинарын өткізді. Семинардың басты мақсаты 4С дағдыларын жетілдіру болды: ынтымақтастық, коммуникация, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық.

— Шетел тілдері мамандықтарына деген талапкерлер назарының күрт өсуі не себеппен байланысты деп ойлайсыз? Мамандық алғасын мансаптық өсудің жаңа жолдары шықты ма?

— Әрине шетел тілдерін жетік меңгеру барлық ғылым саласына жол ашады. Шетел тілі мамандарының мансаптық өсуінің ең басты себептерінің бірі еңбек нарығындағы "бағаның" өсуі, қосымша мүмкіндіктер мен табыс көзі. Соңғы жылдарда шетел тілдері мамандықтарын бітірген білімгерлердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері жақсы. Бұл дегеніміз мамандықтың сұраныста екенін көрсетеді. Сонымен қатар, негізгі жұмыс орнымен қамтамасыз ететін мекемелер ретінде жалпы білім беретін және орта кәсіптік білім беретін ұйымдары, жергілікті жердегі ірі кәсіпорындар және өзге де шетелдік мекемелердің

біздің түлектерге сұраныстарының артуы.

— Шетел тілдері факультетінде де ғылыми-зерттеулермен айналысады деп ойлаймын. Негізінен қандай бағытта зерттеулер жүргізеді?

— Оқу, ғылым және тәрбие үшеуі ажырамас бөлік, біздің профессор-оқытушылар құрамы тек білім берумен, жастарды тәрбиелеумен ғана емес, сонымен қатар, ғылыммен айналысуға үлкен назар аударады. Қазіргі кезде факультет бойынша екі үлкен ғылыми жоба жүзеге асырылып жатыр. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша «Болашақ мұғалімнің желілік коммуникативті мәдениеті — жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың кілті» тақырыбындағы менің жобам және жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша Г.А.Кузембаеваның «Развитие научного потенциала молодых ученых региональных вузов Республики Казахстан: модель менторства» тақырыбындағы ғылыми жобасы.

ПОҚ құрамы жыл сайын ғылыми басылымдарда мақалалар жариялайды, монография және оқу құралдарын жарыққа шығарып жатады.

— Алдағы уақытта факультеттің даму бағытына тоқталып өтсеңіз? Қандай нақты міндеттер қойып отырсыздар?

— Шетел тілдері факультеті 2023-2024 оқу жылында құрылғаннан бері қыркүйек айынан бастап, бірнеше жұмыстарды атқарып келеміз. Алдағы стратегиялық жоспарлар аясында біраз міндеттерді жоспарлап отырмыз. Басты мақсатымыз — бәсекеге қабілетті маман даярлау. Факультеттің 3 жылдық стратегиялық жоспары бекітілген, осы жоспарды негізге ала отырып, алдымызға сапалы білім беруді жетілдіре түсу, жаңа оқу технологияларын қолдану аясын кеңейту және т.б. міндеттер қойдық. Әрине барлық жоспарымыздың негізі еліміздің білім беру мен ғылым саласын дамытуға мол үлесімізді қосу деген ниетке негізделген. Жоспарларымыздың бәрі нәтижелі және тиімді жүзеге асады деген сенімдіміз.

Dear colleagues, may the coming year bring you the strength to overcome challenges, the courage to chase your dreams, and the love that enriches your life. Wishing you a fresh start with renewed energy and confidence throughout the New Year. May the upcoming year bring you professional success, personal growth, and a perfect work-life balance. Happy New Year, dear colleagues!



 Faculties
Special pages
Арнайы беттер


ЖАҢАРТЫЛҒАН ФАКУЛЬТЕТТІҢ

Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның Zhubanov University Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі қызметіндегі екінші оқу жылы. Ph.D., аға оқытушының жоғары білім беру саласында еңбек етіп келе жатқанына 20 жыл. Ол арман мақсатқа айналса орындалатынына көміл сенеді. Өйткені өз тәжірибесінен куә.

Ортақ әңгімеміз кафедраның бүгінгі тынысы, келешек міндеті туралы. Сұрақ қойған Гүлнара Қараша.

АРМАН МАҚСАТҚА АЙНАЛСА ОРЫНДАЛАДЫ

— Эльмира Темирбаевна, жаңа жыл алдындағы көңіл-күйіңіз қалай, сізге 2023 жылдың сыйлаған қуанышы бар екенін білеміз.

— Қайырлы күн, Гүлнара ханым! Ия, 2023 жыл мен үшін өте табысты әрі өте қуанышты жыл болды. 27 сәуірде филология ғылымдарының докторы, профессор Шоқым Гүлжан Тыныштықбайқының жетекшілігімен «6D020500 — Филология» мамандығы бойынша Ph.D. докторлық диссертациямды қорғадым. Диссертациялық кеңеске филология ғылымдарының докторы, профессор Пангереев Абат Шамұлы төрағалық етті. 30 маусымда Ғылыми Кеңесте «6D020500 — Филология» мамандығы бойынша Ph.D. (философия докторы) ғылыми дәрежелік дипломымды университет ректоры Қарабасова Лаура Чапаевна ресми түрде табыстады. Бұл менің ғылым жолындағы үлкен жетістігім деп санаймын. Сонымен қатар өзім басқаратын Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы ұжымы үшін де табысты жыл болды деп айта аламын. 2023 жылы бакалавриат бойынша 3 білім бағдарламасы (6B02302 — Аударма ісі, 6B02303 — Шетел филологиясы, 6B01707 — Ағылшын тілі және информатика), магистратура бойынша 1 білім бағдарламасы (7M02302 — Аударма ісі), докторантура бойынша (8D02303 — Шетел филологиясы) 1 білім бағдарламасы аккредитациядан 5 және 3 жылға сәтті өтті. Сәуір айында «6B01707 — Ағылшын тілі және информатика» білім бағдарламасының 3 курс студенті Әбутәлі Мәулен Алматы қаласы, Абылайхан атындағы Қазақ Халықаралық және Әлем тілдері университетінде өткен республикалық тілдік олимпиададан 2-ші жүлделі орынды иеленді. Ph.D., қауымдастырылған профессор Керимбаева Б.Т. АҚШ елінен, Вашингтон университетінен «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1 жылдық ғылыми тағылымдамадан өтті. Кафедра доценті, Ph.D. Сады-

кова С.А. Миннесота университетіне (АҚШ) 6 айға «Болашақ» бағдарламасымен ғылыми тағылымдамадан өтуге жолдама алды. Кафедра доценті, Ph.D. «Болашақ» бағдарламасының стипендия иегері Бекжанова Ж.Е. халықаралық жобаларды жеңіп алды.

Ал жалпы кафедрамыздың ең елеулі жетістіктері — бакалавриат (6B02303 — Шетел филологиясы, 6B01707 — Ағылшын тілі және информатика), магистратура (6B02302 — Аударма ісі, 6B02303 — Шетел филологиясы), докторантура (8D02303 — Шетел филологиясы) бойынша жаңа білім бағдарламаларының ашылуы. Осы білім бағдарламаларының ашылуына ат салысқан кафедра ұжымына және кафедраның ғалымдарына (білім бағдарламаларын ашуға ат салысқан ғалымдар: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кушкарлова Г.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сарбасова А.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент Искиндинова С.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ержанова Г.А., Ph.D., доцент Садыкова С.А.) алғысым шексіз. Ұжымның бірлігі — бұл үлкен іс деп айта аламын. Сонымен қатар, жас мамандарымыздың докторантураға түсіп, ғылым жолына бағытталуы да жақсы бетбұрыс.

— Гуманитарлық ғылымдар бакалавры дәрежесін алып шығатын "Аударма ісі" мамандығына оқытасыздар. Маған аудармашы-референттің, гид-аудармашының жұмысы өте ұнайды. Бұл мамандыққа талапкерлердің де көп қызығатыны белгілі. Тағы өзге сипаттамасын тарқатып айтсаңыз.

— «Аударма ісі» мамандығы өте қызықты әрі сұранысқа ие мамандық. Батыс өңірі, өзіміздің Ақтөбе облысы мұнай өндіретін аймаққа кіргендіктен аудармашы мамандар өте қажет. Университет жанында және факультет, кафедра деңгейінде «Аударма ісі» білім бағдарламасына дайындау барысында білім



алушыларды синхронды кабинетте, 3-4 курстан бастап ауызша және жазбаша, сонымен қатар синхронды және ілеспе аударма жасауға дайындаймыз. Үздік маман болу үшін мамандықтың көптеген қыр-сырын білу керек. Осыған білікті кәсіби аудармашылар құрастырған шығармаларды оқуы керек. Кейбіреулер келешектегі жұмысы үшін шет тілін үйрену жеткілікті деп ойлайды. Бірақ бұл әрекет бірінші көзқараста көрінетіндей қарапайым емес. Келіссөздердің сәтті болуы, маңызды мәміленің жасалуы кейде маманның кәсіби қасиеттеріне байланысты. Жазбаша аудармашылар мәтіндерді, көркем әдебиетті және басқа шығармаларды, құжаттарды аударады. Ауызша аударма дәйекті және синхронды болып екіге бөлінеді. Тізбекті аударма көбінесе сөйлеуші үлкен аудиториямен

сөйлесетін жағдайларда қолданылады. Бұл жағдайда ол белгілі бір тіркестен кейін үзіліс жасайды, ал аудармашы басқа тілде айтылғанды қайталайды. Келіссөздерде дәйекті аударма да жиі қолданылады. Синхронды аударма сөйлеушінің сөйлеу барысында жүзеге асатындығымен ерекшеленеді. Ол әлдеқайда күрделі және келесі қасиеттерді талап етеді: зейін, сауаттылық, тілді жақсы меңгеру. Бұл жағдайда аудармашы әдетте арнайы кабинетте отырады. Жұмыс үлкен психологиялық стресс жағдайында өтеді, сондықтан мамандар бір сағаттық үзіліспен, 20-30 минуттық ауысыммен жұмыс істейді.

— Соңғы кезде "Ағылшын тілі және информатика" мамандығы ашылды. Бұл кәсіпті игергендер әрі қарай қай салада еңбек етеді?

ЖАҢА ҚАДАМДАР

— Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында «6B01707 — Ағылшын тілі және информатика» білім бағдарламасы 2021 жылы ашылған болатын. Бұл мамандыққа сұраныс өте жоғары. Бұл мамандық тек қана біздің университетте оқытылады. Бағыты — педагогикалық мамандық. Бұл мамандықтың ерекшелігі Назарбаев Зияткерлік мектептерінде, «Білім-инновация» лицейінде, «Кемел-Білім» лицейінде информатика пәнін ағылшын тілінде жүргізетіндігінде. Сондықтан бұл мамандық тек ағылшын тілін ғана емес, информатика мамандығын да меңгеріп шығатындығы біз үшін де, болашақ мамандарды да қуантатыны рас. Қазіргі таңда жаратылыстану және техникалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдерге сұраныс өте жоғары.

— **Кафедраның материалдық-техникалық базасы, ПОҚ жайында да таныстыра отырсаңыз.**

— Кафедраның материалдық-техникалық базасы жоспар бойынша жаңаланып жатыр. Қазіргі таңда барлығы мемлекеттік саатылыммен жүретінін бәріміз білеміз. Сондықтан әр оқу жылы сайын біз жоспар беріп отырамыз. Біздің оқитын жеріміз Гришин 7А көшесінде, 6 Б ғимаратында орналасқан. Оқытушылар сабақ барысында интерактивті тақтаны, планшет тақтаны дәріс, практикалық және видео сабақтарда жиі қолданады. Дәріс оқитын 2 аудиториямыз бар, сыйымдылығы 110 және 80 орыннан тұрады. Өрине қазіргі таңда білім алушылар саны көбейіп келе жатқандықтан А және Б ғимараттарында оқиды. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында ПОҚ құрамы штаттағы 19 оқытушыны құрайды, сонымен қатар 11 штаттан тыс оқытушыларымыз бар. Олар практик-мамандар мен шетелдік ғалымдар. Практик-мамандар мен шетелдік ғалымдар білім алушыларға дәріс жүргізеді және шетелдік кеңесшілік міндет атқарады. Кафедрада 1 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, 4 Ph.D., 6 доцент, 14 магистр, 10 аға оқытушы, 3 практик-оқытушы бар. Кафедра оқытушылары Кузасова А.М., Ержанова Г.А., Садыкова С.А., Турпан Ж.С., Саркулова Ж.К., Бостекова А.Р., Мазымова Ж.С., Толегенова Г.Г., Кушанова А.Н., Жетесова Ж.А. TOEFL/ITP және IELTS тілдік деңгейді анықтайтын тестті сәтті тапсырып, халықаралық сертификаттарға ие. Ең жақсы бір көрсеткіш, кафедрада Түркия, Токат университетінің (Газиосманпаша) профессоры, Ph.D. Угур Ада және Польша Республикасы, Ольштын қаласы, Вармин-Мазур университетінің Журналистика және әлеуметтік коммуникация институтының профессоры, филология ғылымдарының докторы, шетелдік ғылыми кеңес-

ші Киклевич А.К. дәріс оқиды және ғылыми онлайн-халықаралық семинарларға белсенді қатысады. Кафедраның ғылыми дәрежесі 52,6% құрайды. Қазір кафедраның 4 докторанты (Кушанова А.Н., Жетесова Ж.А., Тухтарова А.С., Қартжан Н.) білім алып жатыр, алдағы уақытта кафедраның ғылыми дәрежесі тағы да өсетініне біз қатты қуанамыз.

— **Кафедрада магистратура, докторантура бойынша ғылыми ізденушілердің білімін көтеруге мүмкіндік бар. Сол жайында кеңірек баяндасаңыз.**

— Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында 8D02303 — Шетел филологиясы ББ бойынша докторантура және 7M02302 — Аударма ісі, 7M02303 — Шетел филологиясы ББ бойынша магистратура бар.

Аталған білім бағдарламалары бойынша магистранттар мен докторанттар ғылыми тағылымдамадан өтуге үлкен мүмкіндіктері бар. Олар сондай-ақ шетелдік ЖОО-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша және ғылыми тағылымдама бойынша өз ғылыми білімдерін көтере алады. Жалпы университетіміздің Түркия, Польша, Қытай елдерімен келісім шарты бар. Осы аталған елдердің университеттеріне барып магистранттар мен докторанттарымыз ғылыми тағылымдамадан өтеді. Биылғы оқу жылында екі магистрантымыз Корбанов Ә.Б. және Сламбекова Г.Б. академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Польша Республикасы, Слупск қаласына 1 семестрге жолдама алды. Екі докторантымыз Жолмурзаева Р.Б. және Қуандыкова Г.С. Польша Республикасы, Ольштын қаласына Вармин-Мазур университетінің журналистика және әлеуметтік коммуникация институтында ғылыми тағылымдамадан өтуге жолдама алды. Сонымен қатар, шетелде оқып жатқан, шетелде жұмыс жасап жатқан, беделді жоғары орындарында, үлкен мекемелерде жұмыс жасап жатқан түлектеріміз өте көп. Соның бір дәлелі, 6B02303 — Шетел филологиясы мамандығын тәмамдаған түлектеріміз Астана қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директорының орынбасары қызметін 2018 жылдан бері атқарып келеді.

— **Бірде менің шетелдік ғалыммен сұқбатыма аудармашы-референт болғаныңыз есімде. Бұл тәжірибені жиі пайдаланасыз ба? Студент кезінен осындай жауапкершілікті алып жүре алатын білім алушылар бар шығар? Жалпы білім алушылар келешек кәсібін жақсы игеруі үшін қандай практикалық әдістерді білім жүйесіне енгіздіңіздер?**

— Бұл сұрақ мен үшін өте қызық. Мен ағылшын тіліне 5-ші класта пән оқытыла бастаған кезден қызықтым. Сүйікті пәнім болды. Сол кезден өзімді аудармашы ролінде елестетіп, армандай бастадым. Әкем аудармашы боламын деген бала арманыма қолдау білдіріп, қуанып отыратын. Арман мақсатқа айналса орындалады.

Тәжірибе туралы айтар болсам, біздің университетімізге көптеген шетелдік ғалымдар келеді ғой. Олар біздің факультетке келсе, аудармашы қажет емес екенін білесіз, бәрі білікті мамандар. Мен көбіне басқа факультеттерге арнайы бағдарламамен дәріс оқуға келген шетелдік ғалымдарға аудармашы боламын. Биыл қыркүйек айында Heriot-Watt University филиалының ресми ашылуында кафедраның аға оқытушысы Әбдіғалиева Ж.С. және мен синхронды аударма жасадық. Бұл тәжірибе мен үшін үлкен мүмкіндік болды.

Біздің кафедра бойынша осындай аудармашы қызметін жауапкершілікпен алып жүрген студенттеріміз өте көп. Мысалы 4 курс орыс, қазақ бөлімдерінің студенттері дайын синхронды аудармашы деп айта аламын. Соның ішінде 6B02302 — Аударма ісі мамандығының 4 курс студенті Қызылова Ляззат (кураторы: Бостекова А.Р.) жиі аудармашы қызметке қатысып жүр. Синхронды аударма пәндерін жүргізетін тәжірибелі оқытушылар мен практик-мамандарымыз бар. Әбдіғалиева Ж.С., Фурман О.В., Сисекенова А.С. синхронды аударма жүргізудің нағыз кәсіби мамандары. Сонымен қатар, кәсіби мұнай-газ терминологиясын оқып, үйретудегі ең тәжірибелі оқытушыларымыз Кузасова А.М., Тухтарова А.С. айтуға болады.

Жалпы білім алушылар келешек кәсібін жақсы игеруі үшін синхронды аударма пәнін енгізу, практик-мамандардың жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша аудио-визуалды курсты пайдалану, практикалық әдістерді білім жүйесіне қолдану өте маңызды. Айта кететін бір маңызды нәрсе біздің студенттеріміз 2 курстан бастап 3 апта, 3 курста 5 апта, 4 курста 15 апталық өндірістік практикадан өткен соң практикалық тәжірибені жақсы игеріп келеді. Облыс аймағында кафедраның 11 филиалы ашылды. Кафедра филиалдары өндіріс орындары, аударма бюросы, колледж, білім беру орталықтары және мұнай компанияларында орналасқан. 2023 жылы практикадан өткен екі студентімізді мұнай өндіретін компания «OilTools Service» ЖШС практикадан соң жұмысқа алып қалды. Жұлдыбекова Мирангуль (кураторы аға оқытушы, магистр Турпан Ж.С.) және Қошқарбек Марлен (кураторы аға оқытушы, магистр Мазымова Ж.С.) осы компанияда аудармашы және техникалық қауіпсіздік инженері болып жұмыс жасап жатыр. Осы компанияда филиал ашуға өзім бірден-бір себепші болдым. Компания биылғы оқу жылында, 29-шы қарашадан бастап, 4 курстың екі студентін өндірістік практикаға шақырып отыр. Бұл біздің кафедра үшін және білім бағдарламасы үшін өте үлкен мақтанаш.

”

Мекенжайы:
Гришин көшесі 7А
Н.Байғанин атындағы оқу ғимараты А,Б корпустары
Instagram: @zhubanov.f.i
Facebook:
Шетел тілдері факультеті
Жұбанов университеті

ZHUBANOV UNIVERSITY ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

Шетел тілдері факультетінде сапалық құрамы талапқа сай жоғары білікті профессор-оқытушылар қызмет жасайды, оның ішінде 1 ғылым докторы, 8 — ғылым кандидаты, 6 — Ph.D. доктор, 31 — магистр.

Факультеттегі оқу үдерісін жоғары білікті мемлекеттік және ведомстволық марапаттары бар профессор-оқытушылар жүзеге асырады, оның ішінде «Министрдің алғыс хаты» — 3, «Ректордың алғыс хаты» — 11, «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ медалі» — 5, «Әкімнің алғыс хаты» — 4, «Облыстық кәсіподақ марапаттары» — 6, «Болашақ» бағдарламасы стипендиясының иегерлері — 6, Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары — 2.

Шетел тілдері факультетінің дамуы оның материалдық-техникалық базасын нығайтумен, оқу-әдістемелік және ғылыми деңгейін көтерумен, білім беру мекемелерімен және түрлі орталықтармен тығыз байланыста жұмыстар атқарылады.

Факультет материалдық — техникалық базасы 45 аудиториядан тұрады, оның ішінде дәрісханалар — 5, бейнезал — 1, медиатека — 1, оқу кабинеттері — 38.

Білім беру бағдарламалары Бакалавриат

6B01706	Шетел тілі: екі шетел тілі
6B02302	Аударма ісі
6B02303	Шетел филологиясы
6B01707	Ағылшын тілі және информатика

Магистратура

7M01706	Шетел тілі: екі шетел тілі
7M02302	Аударма ісі
7M02303	Шетел филологиясы

Докторантура

8D02303	Шетел филологиясы
---------	-------------------

 Faculties
Special pages
Арнайы беттер


ЖАҢАРТЫЛҒАН ФАКУЛЬТЕТТІҢ

Abutali Maulen is a third-year student at Zhubanov University majoring in English and computer science. Exactly seven years ago, he took his first steps into the world of linguistics. He began his studies of the English language by using publicly available online educational videos and other sources of information. Maulen believes that his success is due to his sheer enthusiasm. He didn't have to force himself to study, instead he enjoyed every single minute of it.

Maulen is an active student who is eager to participate in various scientific conferences and language Olympiads. He told us about his linguistic journey and his victories in a quick interview for the university newspaper of Zhubanov University.

— Many people find learning foreign languages challenging. Can you share a tip on how to make it easier?"

My passion for English began in 2016 with an online video game that connected me with people worldwide. While I immensely enjoyed playing, I faced a challenge — the language barrier hindered my understanding of other players. Determined to break this barrier, I promptly turned to YouTube, delving into educational videos and tutorials for beginners. I watched every video that surfaced, though initially struggling to grasp the content. I revisited these videos multiple times, sometimes days or weeks later, exploring diverse authors and proficiency levels. My eyes were filled with fire and passion, and my curiosity hungered for knowledge.

However, I didn't limit myself with YouTube alone. I also dedicated time to Duolingo, acquiring some basic English skills. Beyond structured study, I watched entertaining videos, read scientific articles, and fully immersed myself in the English language.

— How did your daily life change after acquiring English?

— I'd say it changed for the better. Firstly, English opened doors to information that would have been otherwise inaccessible due to the language barrier. It enabled me to explore fascinating scientific discoveries, watch high-quality tutorials on physics, chemistry, mathematics, sociology, statistics, and philosophy, thereby expanding my global understanding. English provided a wealth of content with no equivalent alternatives in other languages.

Beyond academia, I engage with English for daily entertainment — watching YouTube videos, films, and series; playing games; browsing memes and media, among other activities. This immersion allows me to seamlessly integrate into the English-speaking world, enhancing my proficiency. It's particularly beneficial for my pronunciation, as I have more exposure to natural English speech.

— Being a student yourself, could you tell us about your major and your student life?

— I major in English and computer science. This educational program allows me to teach the mentioned subjects in educational establishments, such as schools, colleges, and universities. I think the program has an interesting combination of two distinctly different subjects, with linguistics on one side and programming on the other.



STUDYING ENGLISH FOR PLEASURE

ЖАҢА ҚАДАМДАРЫ

Overall, My student life tends to be tranquil and at times routine. I attend lectures, actively engaging by asking questions and seeking clarification on pedagogical nuances that I find to be of particular interest. During seminars and practical classes, I retell the lecture content and complete assignments. To make learning a bit more exciting, I often research and share additional information and intriguing facts, adding depth and diversity to our classes.

As of my social life, I mostly spend my time chatting with friends during breaks and free periods, engaging in conversations with them both within and outside the university. I genuinely love exchanging interesting life stories and discussing various complex issues in our current society.

— **Could you give a brief overview of your achievements?**

— I've achieved second place in the National English Olympiad for Foreign Philology Students (April 20-21, 2023), secured first place in the Zhubanov University Olympiad 2023, received a letter of appreciation from the Deputy Vice Chancellor at Zhubanov University, attained third place in the second stage of the National English Olympiad (2020-2021 school year), and

obtained several other certificates in English contests.

— **What plans do you have for the future?**

— I'm determined to become an English teacher in schools. My aim is to contribute something unique to the education sector in Kazakhstan and, if possible, pioneer innovations in teaching practices on a global scale. I aspire to create more opportunities for children to explore their curiosity. I firmly believe that learning driven by genuine enthusiasm is the future of education. I envision our youth studying subjects they love, with a fervor for learning. I sincerely believe that effective learning must captivate and engage learners.

— **Do you intend to study more languages in the future?**

— I currently don't have immediate plans to study more languages. However, I also don't want to restrict my opportunities. My primary focus is to deepen my understanding of Kazakh; it's essential for me to continue enriching my native language. Besides Kazakh, I'm intrigued by languages such as German, Spanish, Japanese, and French. Perhaps, I'll explore studying them in the future.

ИЗУЧАЮ АНГЛИЙСКИЙ В УДОВОЛЬСТВИЕ

Студент третьего курса образовательной программы "Английский язык и информатика" Маулен Әбүтәлі выучил иностранный язык самостоятельно. Ровно 7 лет назад он начал свои первые шаги в лингвопогружение через видео и материалы, которые доступны всем в интернете. Успех этого пути Маулен видит в своем энтузиазме. Ведь он не заставлял себя, изучая язык. Наоборот, с большим интересом улучшал свои знания.

Будучи студентом Маулен — активный участник научных конференций и языковых олимпиад. О своих лингвистических победах он рассказал в экспресс-интервью для читателей газеты "Zhubanov University".

— **Для многих изучение иностранного языка тягостный процесс. Поделись лайфхаком, как выучить английский, не усложняя свою жизнь?**

— Я стал очень увлеченно изучать английский ещё в 2016 году. Всё началось с того, что приобрел онлайн игру, где встретил людей с разных уголков мира. Мне было весело, но возникли проблемы с коммуникацией — я едва понимал, о чем другие игроки говорили между собой. Решив исправить языковой барьер, я быстро "помчался" в YouTube и начал искать обучающие ролики для начинающих по английскому языку. Увлеченно смотрел каждый ролик, даже если не понимал все с первого раза. По несколько раз пересматривал видео, сразу после просмотра или через пару недель. Я смотрел ролики от разных авторов и для разных уровней. Мои глаза горели пламенем — я хотел познать все!

Правда, я не долго ограничивал себя лишь роликами с YouTube. Изучал язык на популярной платформе Duolingo, где усвоил лишь базовые знания по английскому. Также я просто

смотрел развлекательные ролики по английскому, читал научные статьи на английском, и, в целом, погружал себя в мир английского языка. Для меня это было скорее любимым хобби, нежели работой. Я по сей день изучаю английский в свое удовольствие.

— **И как изменилась твоя повседневность после того, как выучил английский язык?**

— Я бы сказал, что довольно успешно. Во-первых, английский язык позволил мне открыть новые источники информации, которые иначе были бы мне недоступны. Выучив английский, я смог узнать о различных интересных научных статьях, посмотреть дюжину обучающих видеороликов о физике, химии, математике, социологии, статистике и философии, а также расширять уже существующие знания. С помощью английского я нашел уйму контента, которому нет качественных альтернатив в других языках.

Помимо науки, я также ежедневно использую английский для развлечений: фильмы и сериалы, музыка, игры, мемы, медиа, видео-

ролики на YouTube и многое другое. Это позволяет мне проникнуть в мир носителей языка и дальше улучшать свои навыки. Особенно хорошо это сказывается на произношении, так как у меня больше возможностей анализировать естественную речь на английском языке.

— **Сейчас ты студент-языковед. Расскажи о своей специальности и как проходит твоя студенческая жизнь?**

— Я обучаюсь по специальности "Английский язык и информатика". Эта образовательная программа позволяет мне стать учителем вышеупомянутых предметов в образовательных учреждениях. Я считаю, что это интересная комбинация дисциплин из двух разных миров — лингвистика с одной стороны и программирование с другой.

В целом, моя студенческая жизнь довольно спокойная и тривиальная. На лекциях я слушаю лектора, временами задавая вопросы, чтобы лучше понять тему и прояснить некоторые нюансы. На семинарах и практике я отвечаю по теме или выполняю практическое задание. Из интересного хочу отметить то, что при возможности я предпочитаю не ограничиваться знаниями из лекций, а дополнять материал собственными знания, предположениями и мнением. Это делает предметы более разнообразными, а также дальше развивает ход мыслей.

Что касается социального аспекта студенческой жизни, то, в основном, я провожу общение с друзьями во время перемен, "окошек" и при внезапных встречах в и вне стенах универа. Мне искренне нравится обмениваться с людьми историями из жизни или рассуждать комплексные проблемы в современном обществе.

— **Коротко о достижениях.**

— Я обладатель II места республиканской олимпиады среди студентов вузов по английскому языку секции "Иностранная филология" (20-21 апреля 2023 года). Призер I места олимпиады среди студентов университета им. К.Жубанова 2023 года. Обладатель Благодарственного письма от проректора университета им. К. Жубанова. Призер III места республиканской школьной олимпиады второго этапа (2020-2021 учебный год) и ряд других наград за активное участие в конкурсах по английскому языку.

— **Какие у тебя планы на будущее?**

— Я намерен преподавать английский в школах. Хочу внести нечто свое в сферу образования Казахстана и, если возможно, даже привнести новизну в мировую практику преподавания. Я хочу, чтобы у детей было больше возможностей проявить свое любопытство. Я считаю, что обучение с искренним энтузиазмом — это будущее образования. Хочу видеть, как молодежь нашей страны изучает, что им интересно, видеть огонь в их глазах и страсть в обучении. Я искренне верю в то, что эффективное обучение должно быть приятным!

— **Планируешь ли в будущем изучать другие языки?**

— На данный момент, у меня нет планов изучать другие языки. Однако, я также не хочу ограничивать себя. В первую очередь, хочу дальше улучшать свой казахский. Для меня важно обогащать свой родной язык. Помимо этого, мне интересными кажутся такие языки, как немецкий, испанский, японский и французский. Возможно, я их начну изучать в будущем.

**Арнайы беттерді дайындаған
Гүлнара Қараша**

✓ Results of 2023

Zhubanov University 2023 жылдың қорытынды есебіне арналған Ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісін өткізді. Жиынға университет ұжымымен қатар, ақсақалдар кеңесінің мүшелері, өңірге белгілі қоғам қайраткерлері, серіктес ұйымдардың бірінші басшылары мен бөлсенді өңірдегі ең ірі университеттің көлер жылдағы даму жоспарымен таныстырды.

Басқарма Төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысы, инфрақұрылымы мен әлеуметтік мәселелері туралы баяндады. 2023-2024 оқу жылындағы негізгі нәтижелерді талдап, өліміздің батыс өңіріндегі ең ірі университеттің көлер жылдағы даму жоспарымен таныстырды.

— Жұбанов университетінің басты құндылығы — академиялық адалдықты қамтамасыз ету, теңдік пен инклюзивтілік және академиялық үстемдікке ұмтылу, — деді университет ректоры.

Айта кетейік, Жұбанов университеті 2023 жылы өліміздегі ЖОО арасында берілген мемлекеттік грант саны бойынша алғашқы ондықтың қатарынан табылды. Сондай-ақ баяндама барысында университет басшысы атқарылған бірқатар істерді атап өтті:

— Білім сапасын арттыру мақсатында өндіріс орындарынан 67 тәжірибелі маман техникалық білім бағдарламалары бойынша сабақ береді.

— Жұбанов университетінің базасында Ө.Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс Қазақстандағы филиалы ашылды.

— Саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтауға бағытталған шараларда университет тарихшылары зерттеу жүргізді.

— Студенттердің білім алуымен қатар қоғамдық өмірге белсене араласуы жастар саясатының жүйелі түрде іске асуының дәлелі деп айтуға болады, — деді.

2023-2024 оқу жылында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Zhubanov University базасында британдық Heriot-Watt университетінің филиалы ашылды. Халықаралық фа-



Табысты жыл

культетте 300-ге жуық студент мемлекеттік грант негізінде 3 білім бағдарламасы бойынша білім алып жатыр. Мұндағы студенттердің 35%-ы ауыл мектебінің түлегі және 42%-ы қолдауға мұқтаж түрлі әлеуметтік категориялардан. Грант жеңіп алған талапкерлердің арасында тек ақтөбеліктер ғана емес, Батыс-Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Ақмола, Атырау, Жетісу облыстары, сондай-ақ, Астана мен Алматы қалаларының түлектері бар.

— Биылғы жылдың басты оқиғаларының бірі — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақтөбе облысына сапары барысында университетімізге арнайы келіп, университет ғалымдарының зерттеу жұмыстарымен, халықаралық Хериот-Уатт университеті филиалының жұмысымен танысып, оң бағасын беруі, — деді ректор.

Сонымен қатар, ЖОО басшысы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға арналған жобалардың нәтижесімен бөлісті:

— 2022 жылы «Оқытушыларға арналған ағылшын тілі» жобасы бастау алған еді. Биылғы жылы жалғасын тапқан жобамыз жемісін беруде. Алғаш рет Жұбанов университетінің тарихында 13 оқытушы «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанды. Қазір оқытушыларымыз Ұлыбритания мен АҚШ-тың беделді оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, білім алууда. Сонымен қатар биылғы жылы 12 адам докторантураға оқуға түсті. Бұдан бөлек үздіксіз білім беру тұжырымдамасы аясында «Күміс университет» жобасы жүзеге асты. 80-нен астам егде жастағы қызметкерлер біліктілігін арттырды.

2023 жыл — университет ұжымы мен студенттер үшін табысты жыл болды. Жоғарыда атқарылған шаралардан бөлек:

— студенттердің қолайлы ортада білім алуы үшін заманауи жабдықталған кабинеттер ашылды;

— 339 студент оқу ақысына 25%-дан 100%-ға дейінгі жеңілдіктер алды.

— жатақханаларда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтары жаңартылды;

— академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында биылғы оқу жылында 76 студент шетелде білім алып жатыр;

— 2021 жылдан бері қызметкерлердің жалақысы 35 %-ға өсті;

— шетелдік ғалымдар студенттер мен оқытушыларға дәріс оқыды;

— кітапхана трансформациясы жүзеге асты.

Лаура Қарабасова баяндамасын "Келер жылы атқаратын маңызды істерге тыңғылықты дайындық үстіндеміз. Докторантура бойынша білім бағдарламаларын кеңейтіп, ғылыми жобаларды коммерцияландыру, қосымша диссертациялық кеңестер ашу, Heriot-Watt университетімен бірлескен ғылыми жобалар әзірлеу және халықаралық жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда, — деп қорытындылады.

Жиын соңында университет басшысы университет ұжымын келе жатқан жаңа жылмен құттықтап, бірнеше қызметкерді ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің, Ақтөбе облысы әкімдігінің, университет басшылығының атынан Алғыс хаттармен марапаттады.



В Zhubanov University состоялось расширенное заседание Ученого совета, посвященное итоговому отчету за 2023 год. Наряду с коллективом университета в мероприятии приняли участие члены Совета старейшин, известные общественные деятели региона, первые руководители партнерских организаций и студенты. Отчетная встреча прошла в офлайн и онлайн форматах.

Председатель правления-Ректор Лаура Карабасова рассказала об учебном процессе и научно-исследовательской работе, инфраструктуре и социальных проблемах учебного заведения. На заседании проанализировали основные результаты за 2023-2024 учебный год и ознакомились с планом развития крупнейшего университета Западного региона на предстоящий год.

«Главная ценность университета — обеспечение академической честности, равенства и инклюзивности, а также стремление к академическому превосходству», — сказала ректор вуза.

Отметим, что Zhubanov University вошел в десятку лучших вузов по количеству государственных грантов среди вузов страны в 2023 году. Также в ходе доклада руководитель университета отметила проделанную работу.

В целях повышения качества образования 67 опытных специалистов производственных предприятий проводят занятия по программам технического образования.

Успешный год



на основе государственного гранта. 35% студентов являются выпускниками сельских школ, а 42% — студенты из различных социальных категорий, нуждающихся в поддержке. Среди абитуриентов, выигравших грант, есть не только актюбинцы, но и выпускники Западно-Казахстанской, Мангистауской, Кызылординской, Акмолинской, Атырауской, Жетысуской областей, а также городов Астаны и Алматы.

«Одно из главных событий этого года — визит Главы государства Касым-Жомарта Токаева в университет в ходе рабочей

народной стипендии «Болашак». Сейчас наши преподаватели проходят стажировку и обучение в престижных учебных заведениях Великобритании и США. Также в этом году в докторантуру поступили 12 человек. Кроме того, в рамках концепции непрерывного образования реализован проект «Күміс университет». Более 80 пожилых сотрудников университета повысили квалификацию.

2023 год стал успешным для коллектива университета и студентов. Кроме вышеуказанных итогов:

- открыты современные оборудованные кабинеты для обучения студентов в комфортных условиях;
- в общежитиях проведен ремонт и обновлено оборудование;
- 76 студентов в этом учебном году обучаются за рубежом в рамках программы академической мобильности;
- с 2021 года заработная плата сотрудников выросла на 35%;
- зарубежные ученые читали лекции студентам и преподавателям;
- проведена трансформация библиотеки;
- 339 студентов получили скидки на обучение от 25% до 100%.

В следующем году нам предстоит большой объем работы. Планируется расширение образовательных программ по докторантуре, коммерциализация научных проектов, открытие дополнительных диссертационных советов, разработка совместных научных проектов с университетом Heriot-Watt, реализация международных проектов, — подытожила свое выступление Лаура Карабасова.

В завершении итогового заседания ректор поздравила коллектив университета с Новым годом и наградила ряд сотрудников Благодарственными письмами от имени министра науки и высшего образования РК, акимата Актюбинской области и руководства университета.



— На базе университета Жубанова открыт Западно-Казахстанский филиал Института археологии им. А. Маргулана.

—Историки университета провели исследования, направленные на оправдание жертв политических репрессий.

—Можно сказать, что активное участие студентов в общественной жизни наряду с обучением является свидетельством системной реализации молодежной политики, — отметила ректор.

В 2023-2024 учебном году по поручению Главы государства на базе университета был открыт филиал британского вуза Heriot-Watt. На международном факультете обучаются около 300 студентов по 3 образовательным программам

поездки в Актюбинскую область. Президент ознакомился с исследовательской деятельностью ученых университета, работой филиала международного университета Heriot-Watt и дал положительную оценку, — сказала ректор.

Кроме того, руководитель вуза поделилась результатами проектов, направленных на повышение квалификации профессорско-преподавательского состава:

—В 2022 году стартовал проект «Английский язык для преподавателей». Наш проект, который продолжился и в этом году, приносит свои плоды. Впервые в истории университета 13 преподавателей стали обладателями между-

Құдайберген Жұбановтың туған күні

19 желтоқсан қазақтың тіл білімі саласының тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың туған күні. Бұл күні оның есімімен аталатын университет алдында орналасқан ғалымның ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым ету жыл сайын өткізілетін дәстүрлі іс-шара.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова университет ұжымы Құдайберген Жұбановтай тұлғаның атын иеленгенін әрқаз мақтаныш тұтатындарын, осы асқақ есімді, осы имиджді биіктету үшін Ақтөбе өңірімен шектеліп қалмай, ұлттық деңгейдегі университет болуға ұмтылып отырғандарын, университеттің мәртебесі артқан сайын Қ.Жұбанов есімі асқақтай беретінін айтты.

Іс-шарадан соң "Бүгін академиялық қазақ лингвистикасының іргетасын қалаған ғалым, қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, ағартушы әрі қоғам қайраткері Құдайберген Куанұлы Жұбановтың туған күні, — деп жазды ректор Facebook желісіндегі жеке парақшасында, Шетелде заманына сай озық білім алып, ұлттық идеяны қалыптастыруға атсалысқан Құдайберген Жұбановтай тұлғаның жерлесі болып, атын иеленген белді оқу орнында білім алу және қызмет ету — біз үшін зор жауапкершілік. Бүгін ұжым болып, Жұбановтың ұрпақтарымен бірге ғалымның рухына тағзым еттік.

Ғалымның азаматтық тұлғасы, ғылыми мұрасы әлі де зерделеді

қажет етеді. Әсіресе, газет беттеріне басылып шыққан мақалаларындағы оқыту ісі жөніндегі өзектілігін жоймайтын пікірлеріне ерекше назар аударуымыз керек. Соңғы уақытта әлеуметтік желідегі Құдайберген Жұбанов сынды ұлт зиялылары туралы тың деректердің пайда болуы — жастар арасындағы ізденістің, ұлт тарихын білуге деген құлшыныстың көрінісі.

Бүгін «Хабар» арнасынан ғалым туралы танымдық материалдар беріледі. Келер жылы Қ.Жұбановтың 125 жылдығына орай ауқымды әрі мазмұнды шараларды республикалық деңгейде өткізуді жоспарлап отырмыз. Осы орайда Жұбанов мұрасын зерттеп жүрген барша ғалымдарымызды жұмылуға шақырамыз".

Құдайберген Жұбанов (1899-1938 жж.) — тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры (1932), түркітанушы, педагог. Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, Қазақстанның Халық әртісі Ахмет Жұбановтың үлкен ағасы. КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Президиумының мүшесі болған. 1932-1937 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай



атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Қ.Жұбановтың тіл білімі бойынша еңбектері қазақ әліпбиіне

және орфография мәселелеріне арналған. Ол парсы, араб, неміс, түрік, ағылшын, жапон, орыс тілдерін жетік білген. Домбырада ойнап, ән айтқан.

Г.Қараша



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана